

**«Bolashaq» академиясы**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7M04202 – «Құқықтану»**



**BOLASHAQ**  
ACADEMY

Est. 1996

**Қарағанды, 2022**

## «Bolashaq» академиясы



### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

#### 7M04202 – «Құқықтану»

Оқыту деңгейі: Магистратура

Берілетін дәреже: 7M04202 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша «заң ғылымдарының магистрі»

Ғылыми және педагогикалық бағыт

Біліктілік деңгейі 7 ҰБШ бойынша

Құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасы

Қарағанды, 2022



Құрастырушылар – Академиялық комитет:

- Арыстанбеков Марат Акытович - заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Хан Александр Леонидович – заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Әбдижами Айтуған Жұмахметқызы – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Оспанова Гульнар Слямжановна – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Шағатаев Қайрат Кусусбекович – з.ғ.к., доцент, Қарағанды облысы сотының судьясы;
- Туркенич Никита Глебович – магистранттардың өкілі.

Білім беру бағдарламасы кафедра мәжілісінде қарастырылды хаттама № 1 «22» 08 20 22 ж.

Құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Кабжанов А.Т.

Білім беру бағдарламасы ОӘК отырысында қарастырылды хаттама № 1 «26» 08 20 22 ж.

**Білім беру бағдарламасы сарапталды:**

1. Қарағанды облыстық «Атамекен» аймақтық кәсіпкерлер палатасы;
2. Қарағанды облыстық адвокаттар коллегиясы;
3. Қарағанды облыстық соты.

7M04202 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы ҚР ҒЖБ министірлігі 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген МЖМББС-на сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне сәйкес әзірленді.

**1. Білім беру бағдарламасының сипаттамасы**

<b>Білім беру бағдарламасының мақсаты</b>	Жоғары оқу орындарының, заң ғылыми-зерттеу орталықтарының, құқық қорғау органдарының, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерінің қажеттілігін өтеу үшін құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша бәсекеге қабілетті ғылыми мамандарды қалыптастыру; магистрантурада білім алушыларды даярлау деңгейіне міндетті талаптар қою арқылы жоғары сапалы білім беруге қол жеткізу; кәсіби қызмет үшін магистрлерді даярлаудың сапалы жүйесін құру.
<b>Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы</b>	
Білім беру саласының коды мен атауы	7M042 – бизнес, басқару, құқық
Даярлау бағытының коды мен атауы	7M042 «Құқық»
Білім беру бағдарламасының коды мен атауы	7M04202 «Құқықтану»
<b>Бітірушінің біліктілік сипаты</b>	
Берілетін дәреже	7M04202 - Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі
Маманлау азымдарының тізбесі	Прокуратура, ішкі істер, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеу қызметі, сот жүйесінің маманы, юристконсульт, адвокат, нотариус, медиатор, қазақстандық және халықаралық аясындағы юрист, кадралық қызметінің маманы, мемлекеттік қызметкер, сот әкімшілік бойынша маман, құқық қорғау және мемлекеттік органдардың маманы мен қызметкері, юстиция органдарының маманы, ҚР орындаушы мен өкілеттік органдардың маманы.
Кәсіби қызмет саласы	Ғылыми мен педагогикалық дайындау барысында магистратураның түлектерінің кәсіби қызметінің объектілері болып табылатындар: білім беру, ғылыми зерттеулік, әдістемелік, әкімшілік басқарушылық, ұйымдастырушы басқарушылық қызметі.
Кәсіби қызмет объектісі	Таңдап алынған оқу нысанына сәйкес магистранттар келесідей кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыра алады: ғылыми және педагогикалық дайындығы болғанда білім беру саласында жұмыс істеуге, ғылыми-зерттеумен айналысуға, әдістемелік жұмыспен айналысуға құқығы бар.
Кәсіби қызмет функциясы	7M042 - Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі: –білім беру; -тәрбие беру; -кәсіби бағдар; -зерттеушілік.
Кәсіби қызмет түрлері	Білім беру саласында ғылыми және педагогикалық дайындық кезінде ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыста істеу

## 2. Құзыреттілік картасы

Кодтар	Жалпы құзіреттілік	Кодтар	Оқыту нәтижелері
<b>ЖҚ1</b>	<b>Құзіретті болуы:</b> – –мамандық бойынша ғылыми зерттеулер әдістемесі саласында; –жоғарғы оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми педагогикалық қызмет саласында; –заманауи білім беру технологиялары мәселелерінде.	<b>ON1</b>	Әлемнің философиялық және ғылыми бейнесін, адам санасының түрлері мен оның қазіргі қоғамдағы көрініс табу ерекшеліктерін, рухани және материалдық құндылықтардың өзара байланысын, олардың адам өміріндегі, қоғамдары орнын білу
<b>ЖҚ2</b>	<b>құзіретті болуы:</b> – –кәсіби қызметте ғылыми жобалар мен зерттеулер орындауға; –кәсіби ептілігі мен біліктілігін кеңейту үшін үнемі білім жаңартуды қамтамасыз ету тәсілдеріне.	<b>ON2</b>	Адамға, қоғамға, қоршаған ортаға қатынастардың этикалық және құқықтық нормаларын басшылыққа алу
		<b>ON3</b>	Ауызша және жазбаша, оның ішінде шет тілінде коммуникациялық қарым-қатынас жасай алу
	<b>Кәсіби құзіреттілік</b>		<b>Оқыту нәтижелері</b>
<b>КҚ1</b>	<b>құзіретті болуы</b> – білім мен түсінік қалыптастыруда:	<b>ON4</b>	Өз жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру шеберлігі
<b>КҚ2</b>	<b>құзіретті болуы</b> - білім мен түсінікті қолдануда	<b>ON5</b>	Шешімдердің тиімділігіне әсер ететін факторларды меңгеру
		<b>ON11</b>	Өндірістің нақты жағдайына, қызметтік иерархия бойынша жоғарылауға, басқа өңірлерге көшуге, сондай-ақ мамандықты өзгертуге байланысты маманның әлеуметтік, экономикалық, кәсіптің өзгеруіне бейімделе алу
<b>КҚ3</b>	<b>Құзіретті болуы:</b> Пайымдаулар қалыптастыруда:	<b>ON6</b>	Шешім қабылдау және олардың тиімділігін бағалау дағдыларын игеру
		<b>ON10</b>	Көптеген ғылыми ақпаратпен жұмыс істей білу, әртүрлі дереккөздерді қолдана білу, алынған нәтижелерді өңдей алу, ларды статистикалық және есептік деректерді есепке ала отырып, талдау және түсіндіре білу
<b>КҚ4</b>	<b>Құзіретті болуы:</b> Жеке тұлғалық қабілеттерді дамытуда:	<b>ON7</b>	Нормативтік құқықтық актілерді әзірлей алу

<b>КҚ5</b>	<b>Күзиретгі болуы:</b> Қабілеттілікті дамытуда және білімді қолдануға дайын болуда	<b>ON8</b>	Нормативтік құқықтық актілерді құқықтық қызметтің нақты бағыттарында шебер қолдана білу, кәсіптік қызметте материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларын жүзеге асыру
		<b>ON9</b>	Құқық тәртібін, адамның, қоғамның, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтік міндеттерін орындай алу

### 3. Пәндер туралы ақпарат

№	Цикл	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредиттер көлемі	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)
1	БП/ЖК	Ғылым тарихы және философиясы	Философиялық дайындықтың мазмұны магистранттардың философиялық компетенттілігін қалыптастыруды меңгереді. Ғылым тарихы мен философиясының мәні мен маңыздылығын біледі. Ғылымның пайда болуы мен дамуын, ғылыми теориялары мен әдістерінің өзгертілуін жан-жақтан және терең талдау жүргізуге дағдыланады. Ғылым тарихы мен философиясы пәнінен алған білімді практикада пайдалана алатын болады.	4	ON1
2	БП/ЖК	Шетел тілі (кәсіби)	Шетел тілінің практикалық курсы бағдарламада болашақ маманның білім мен іскерлікке деген қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған пән ретінде қарастырылады, ол оған: оқудың жетекші рөлінде сөйлеу қызметінің барлық түрлерінде шет тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді.; Одан әрі кәсіби қызмет үшін ЖОО-да алған білімін өз бетімен тереңдету және біліктерін жетілдіру.	5	ON3
3	БП/ЖК	Жоғарғы мектеп педагогикасы	Бұл пәнді оқу педагогикалық ғылымның негізгі бөлімдері туралы білім жүйесін және түсініктерді заманауи білімнің маңызды салаларының бірі ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді, онда адам қызметінің білім беру саласына философиялық және ғылыми	4	ON2

			көзқарастар бірлігі жүзеге асырылады, сонымен қатар оның гуманитарлық білімнің басқа салаларымен байланысын анықтайды. Педагогтің кәсіби этикасының нормаларын терең меңгеруіне, оның студенттер алдындағы жауапкершілігін түсінуіне, олармен серіктестік, ынтымақтастық және шығармашылық қарым-қатынас орнатуға ұмтылуына ықпал етеді; жоғары мектеп оқытушысының кәсіби еңбек ерекшеліктері туралы түсініктерді тереңдете түседі.		
4	БП/ЖК	Басқару психологиясы	Курс психология заңдылықтары тұрғысынан білім беру саласындағы кәсіби қызметті талдау қабілетін қалыптастырудың негізгі аспектілеріне, кәсіби қызметте психологиялық заңдарды қолдану, тұлғаның ұйымдастырушылық мінез-құлқының технологиясы және тұлғааралық қарым-қатынасты орнату, басқарушылық функциялардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау және олардың кәсіби қызметке әсерін анықтауға арналған.	4	ON5
5	БП/ТК	Жалпы құқық теориясының қазіргі мәселелері	«Жалпы құқық теориясының заманауи мәселелері» курсы теориялық юриспруденцияны ғылым мен ЖОО білім беру арасындағы алшақтықты заманауи заң ғылымы деңгейінде еңсеруге және тереңдеп зерттеуге бағытталған базалық заң пәндерінің бірі болып табылады. Теориялық заңи догмаларының дәстүрлі мәселелерін (норма, қайнар көздер, жүйе, құқықтық жауапкершілік, құқықтық түсінік және құқықтық мәдениет және т.б.) қазіргі заманғы ғылыми түсініктеріне үлкен көңіл бөлінеді.	4	ON10
6	БП/ТК	Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы	Пәнді оқыту барысында кез келген ғылыми зерттеулерді жазудың методикасы оқытылады. Пәнде келесідей мәселелер зерттеледі: ғылыми зерттеулердің жалпы ұғымы мен тәртібі зерттеледі; диссертация жұмысты дайындаудың негізгі кезеңдері; зерттеу тақырыбының өзектілігі; зерттеу объектісі мен пәні; жұмыс мақсаты; мақсаттары мен зерттеу әдістері; қорғаудың негізгі ғылыми ережелері; жұмыстың ғылыми жаңалығы; жұмыстың практикалық маңызы; жұмысты апробациялау; жарияланымдар; диссертацияның көлемі мен құрылымы; ғылыми мақалаларды қолдану.	4	ON10
7	БП/ТК	Диссертациялық	Ғылыми зерттеу жұмысының жалпы ұғымдары мен тәртібі,	4	ON10

		жұмысты жазу нысанының модельдері	диссертациялық жұмысты жазудың кезеңдері, зерттеу тақырыбының өзектілігі, зерттеудің объектісі және пәні, жұмыстың мақсаты, зерттеудің міндеттері және әдістері, қорғауға шығарылатын негізгі түйіндер, жұмыстың ғылыми жаңалығы, жұмыстың тәжірибелік маңызы, зерттеу жұмысының сыннан өтуі, жарияланымдар, диссертацияның көлемі мен құрылымы т.б. мәселелер үйретіледі.		
8	БП/ТК	Қазақстан Республикасында қазіргі кездегі заңдық білім беру мәселелері	Пән кәсіби заң қызметімен айналысу үшін негіз беретін мемлекет, басқару, құқық туралы білімнің жиынтығы туралы болады. Қазақстан Республикасында қазіргі заманғы құқықтық білім беру проблемаларына айрықша назар аударылады және мүмкін шешімдер ұсынылады.	3	ON2
9	БП/ТК	Педагогикалық техника	Педагогикалық техника-бұл оқытушыға тәрбиеленушілерін, оқушыларын, студенттері мен магистранттарын естуге, көруге, сезінуге, және оны тәжірибеде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін кешенін білу қажет. Педагогикалық шеберлік -бұл оқытушының кәсіби қызметінің жоғары деңгейі. Сырттай қарағанда ол әр түрлі педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шешу, оқу-тәрбие жұмысының мақсаттары мен тәсілдеріне тиімді қол жеткізуден көрінеді. Ал тереңірек зерттегенде педагогикалық шеберлік – педагогикалық міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін білім, тәжірибе, психикалық процесс, тұлғаның қасиеттерінен құралған жүйе. Бұл жағынан оқытушының жеке қасиеттерінің, оның мүмкіндіктерінің, шығармашылық, біліктілігінің жоғарылығының көрінісі болып педагогикалық шеберлігін арттыру үнемі талап етіледі.	3	ON8
10	БП/ТК	Педагогикалық процесс	Педагогикалық процесс педагогикалық міндеттерді шешумен тығыз байланысты. Нақты педагогикалық ситуацияны дұрыс шеше білу, оның шарттары мен мақсатын жүзеге асырудан қалыптасады. Педагогикалық процесс динамикасы педагогтың бір міндеттен екінші міндетке ауысуынан көрінеді. Магистранттар педагогикалық процесс мазмұнын меңгеру арқылы тәжірибе алмасады.	3	ON8
11	БП/ТК	Азаматтық және	Пән азаматтық құқықтың пәні, әдістері, жүйесі мен қайнар көздері	4	ON9



		азаматтық іс-жүргізу заңнамасын қолданудың теориясы және практикасы	туралы, азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар туралы, азаматтық құқықтың субъектілері туралы, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау туралы, мәселелер туралы, заттық құқықтар туралы, міндеттемелер туралы, айрықша құқықтар туралы, мұрагерлік туралы, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудің процессуалдық аспектілері туралы теориялық және практикалық мәселелерді қамтиды.		
12	БП/ТК	Тұрғын үй заңнамасының өзекті мәселелері	Тұрғын үй қатынастарының мәні, ұғымы мен белгілері, олардың жіктелуі туралы; тұрғын үй қатынастары саласындағы цивилистикалық ғылым мен құқық қолдану практикасының басты мәселелерін ұғыну туралы жүйелік түсінігін зерттейді.	4	ON11
13	БП/ТК	Келісім-шарт құқығының өзекті мәселелері	Бұл пәнді зерттеу азаматтар мен ұйымдар арасында жасалатын барлық азаматтық-құқықтық мәмілелерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болатын қоғамдық айналымды, құқықтық реттеудегі келісім-шарттардың орталықтандырылған орны болуымен түсіндіріледі. Келісім-шарт - бұл ұзақ тарихы бар, адамдар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі түрлерін дамыту, тараптардың келісімге келуі, заң шығарушы немесе өздері ұсынған құқықтық үлгілерді заңдық модельдер жасау үшін қолдана отырып, оларды мүмкіндігінше пайдалану мүмкіндігін ұсынды. Келісімшарттар осындай модельге айналды. Пәнді оқыту мақсаты осы мекеменің мәні, құқықтық сипаты, оның басқа азаматтық және құқықтық санаттар арасында орны, басқа құқықтық жүйелерді қолдану тәжірибесі, тиісті құқықтық нормалардың мәнін түсіну және оларды реттелетін қатынастарға қолданудың ықтимал салдары туралы білім жүйесін қалыптастыру болып табылады. «Келісім-шарт құқығының өзекті мәселелері» пәнін оқытудың мақсаты - терең теориялық білімдер және оларды практикада шебер қолдану.	4	ON11
14	БеП/ТК	Қылмыстық процестік заңнаманы қолданудың теориясы мен іс-	Пәнде қазіргі кездегі қылмыстық құқық пен қылмыстық процестің теориялық және қолданбалы аспектілері оқытылады. Бұған	4	ON8

		тәжірибесі	қылмыстық құқық пен процесс теориясында қарастырылатын тәжірибелік пен теориялық мағынасы бар түйінді мәселелер енгізіледі. Халықаралық-құқықтық стандарттар аясындағы қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамаға талдау, қылмыстық сот өндірісі аясындағы шетел заңнамасына салыстырмалық талдау жүргізіледі, қылмыстық сот өндірісінің теориялық және тәжірибелік мәселелері, қылмыстық-процессуалдық нысандардың дамуы мен жетілдірілуіне талдау жүргізу, қылмыстық құқықтың теориясы мен тәжірибесінің мәселелері зерттеледі.		
15	БП/ТК	Шет елдердің қылмыстық құқығы	Пәнде англосакондық және роман-германдық құқық топтарына жататын мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық саясатының жағдайы мен негізгі бағыттары, қайнар көздер жүйесі, қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің негізгі институттары, бұл мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша соттық тәжірибесі, қарастырылып отырған мемлекеттердің қылмыстық құқықтарындағы даулы мәселелерін зерделеудегі негізгі докториалды ұстанымдар оқытылады.	4	ON10
16	БеП/ТК	Халықаралық қылмыстық құқық	Пән халықаралық қылмыстарға қатысты мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін, оларды анықтап, тергеп, жазалайтын халықаралық жария құқығының жеке-дара саласына арналады. Оның классикалық халықаралық құқықтан ең басты айырмашылығы, белгілі бір әрекетті жасайтын мемлекетті тұтастай емес, ең алдымен адамды субъект ретінде реттейтіндігінде.	4	ON10
17	БеП/ЖК	Құқықтық талдаудың әдіснамасы	Пәнді оқыту барысында кез келген ғылыми зерттеулерді жазудың методикасы оқытылады. Пәнде келесідей мәселелер зерттеледі: ғылыми зерттеулердің жалпы ұғымы мен тәртібі зерттеледі; диссертация жұмысты дайындаудың негізгі кезеңдері; зерттеу тақырыбының өзектілігі; зерттеу объектісі мен пәні; жұмыс мақсаты; мақсаттары мен зерттеу әдістері; қорғаудың негізгі ғылыми ережелері; жұмыстың ғылыми жаңалығы; жұмыстың практикалық маңызы; жұмысты апробациялау; жарияланымдар; диссертацияның	3	ON8

			көлемі мен құрылымы; ғылыми мақалаларды қолдану.		
18	БеП/ТК	Әкімшілік және әкімшілік іс-жүргізу заңдылығының теориясы мен практикасы	Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың мемлекеттік биліктің атқарушы органдарымен жүзеге асыру процесінде мемлекеттің қоғамдық функцияларын орындау бойынша басқару қызметі аясындағы қоғамдық қатынастарды реттеу туралы пән. Мемлекеттік басқару жүйесіндегі қатынастарды реттейтін заңдар туралы мемлекеттік және әкімшілік-басқару көзқарастары, идеялары, идеялары, оның әлеуметтік шарттығы мен тиімділігі, заңдар, әкімшілік заңнаманы дамытудағы реформалар мен тенденциялар, әкімшілік құқық қағидаттары, тарихы мен даму перспективалары туралы заң ғылымының бөлігі.	5	ON5
19	БеП/ТК	Әкімшілік жауаптылық институтының құқықтық-процессуалдық ерекшеліктері	Әкімшілік жауаптылық институтының құқықтық-процессуалдық ерекшеліктері қарастырылады. Атап айтқанда, әкімшілік процесстің сатылары, әкімшілік жауапкершіліктің түсінігі, ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс-жүргізу тәртібі, әкімшілік жазалардың жүйесі зерттеледі.	5	ON6
20	БеП/ТК	Әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша өндірістің теориялық және практикалық мәселелері	Әкімшілік құқықбұзушылық істері бойынша өндірістің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылады. Атап айтқанда, әкімшілік процесстің сатылары, әкімшілік жауапкершіліктің түсінігі, ерекшеліктері, әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша іс-жүргізу тәртібі, әкімшілік жазалардың жүйесі қарастырылады.	5	ON8
21	БеП/ТК	Салыстырмалы қылмыстық құқық	Әр түрлі мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық жүйесін қылмыстық құқықтың институттарын, негізгі принциптері мен категорияларын, олардың тарихы мен даму заңдылықтарын сәйкестендіріп салыстыруға бағытталған құқықтанудың (заң ғылымының) саласы (тарауы). Салыстырмалы қылмыстық құқық жалпы мен арнайы, типтік және бірінғай қылмыстық-құқықтық шындық зерттелетін салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдану жолы шегіндегі ғылыми бағытты көрсетеді. Салыстырмалы әдіс арқылы әртүрлі мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық жүйесі, халықаралық құқықтың ұлттық құқықтық жүйелерге, қылмыстық саясатқа, қылмыстық құқыққа, сот практикасына, қылмыстық құқық	5	ON10

			доктриналарына, сондай-ақ тарихи тарихи және қазіргі жағдайға қатысты басқа салыстыру субъектілеріне әсері зерттеледі.		
22	БеП/ТК	Қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері	Пәнде оқытылады: қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері, қылмыстық құқықтың Жалпы бөлігінің және оның жүйесінің институционалдық құрылуының теориялық және қолданбалы мәселелері қарастырылады. Зерттеу барысында қылмыстарды саралау, себеп-салдарлық байланысты анықтаудың формуласы, қылмыстардың жекелеген түрлерінің құрамдарының белгілерін толығырақ сипаттау қолданылады.	5	ON10
23	БеП/ТК	Криминологияның өзекті мәселелері	Пән қоғамға қауіпті нақты әрекетті қылмыстық-құқықтық тұрғыдан бағалаудың, басқаша айтқанда қылмысты саралаудың ғылыми негізделген аспектілерін зерттейді. Қылмысты саралау қоғамға қауіпті жасалған әрекеттің белгілері мен қылмыстық заңнаманың нормаларында қарастырылатын белгілерінің арасындағы сәйкестілікті анықтайды. Оқыту барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, қылмыстық дұрыс саралаудың дағдыларын, қылмысты қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтар шегін айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқық нормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, қылмысты саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады.	5	ON8
24	БеП/ТК	Қылмыстарды құқықбұзуларды саралаудың ғылыми негіздері	Пәнді оқытудың мақсаты-қылмыстарды саралау теориясының негізгі ережелері, қылмыстың дұрыс саралануы, қылмысты Қылмыстық құқық бұзушылықтар мен азғындық әрекеттерден ажырата білу, қылмыстық заңның олқылықтарын анықтау дағдылары, қылмыстық-құқықтық нормалар бәсекелестігі және құқықтық қақтығыстар туралы кешенді түсінік қалыптастыру; қылмыстарды саралау кезінде туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдылары.	4	ON8
25	БеП/ТК	Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралау	Пән экономикалық қылмыстарды саралау ерекшеліктерін, экономикалық қылмыстарды дұрыс саралауда туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдарын анықтайды. Оқыту	4	ON8

		мәселесі	барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, экономикалық қылмыстарды дұрыс саралаудың дағдыларын, экономикалық қылмыстарды қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтардан айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқық нормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, экономикалық қылмысты саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады.		
26	БеП/ТК	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды саралау мәселесі	Пәнде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын саралау ерекшеліктері оқытылады, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дұрыс саралауда туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдары анықталады. Оқыту барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дұрыс саралаудың дағдыларын, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтардан айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқық нормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады.	4	ON8
27	БеП/ТК	ҚР адвокатурасы мен адвокаттық қызмет мәселелері	Пән қазіргі қоғамдағы адвокатураның орны мен рөлін зерттейді. Адвокаттық қызметте туындайтын ұйымдастырушылық-құқықтық проблемалар мен проблемалар анықталды. Мемлекет пен адвокатураның өзара қатынастары. Аз қамтылған азаматтарға тегін заң көмегін көрсетудің мемлекеттік жүйесі. Адвокаттық қызметке арналған үй-жайларды алуға байланысты проблемалар және өзге де ұйымдық-құқықтық мәселелер. Адвокат мәртебесіне байланысты мәселелер. Адвокаттың құқықтарын бұзу мәселелері. Білікті заң көмегін көрсету мәселелері Адвокаттардың еңбекақы төлеу мәселелері.	5	ON8
28	БеП/ТК	Қылмыстық сот	Пәнде қылмыстық процесте қорғауды ұйымдастырудың	5	ON3

		өндірісіндегі қорғаудың теориялық және қолданбалы мәселелері	жалпытеориялық және қолданбалы мәселелері, оны жүзеге асырудың тәртібі, тактикасы мен стратегиясы оқытылады. Ерекше назар адвокатура секілді әлеуметтік-құқықтық институтқа бөлінеді. Оның негізгі проблемалары анықталады. Қылмыстық процесте азаматтарға білікті заң көмегін жүзеге асыратын қорғаушының нақты мәртебесі анықталады. Сондай-ақ қылмыстық процестегі қорғаушының тараптар арасындағы тәуелсіз, даралық процессуалдық жағдайы, қызметінің сипаты, адвокаттың орны, қорғалушы алдындағы оның рөлі секілді мәселелер зерделенеді.		
29	БеП/ТК	Қылмыстық іс-жүргізудегі қорғаудың өзекті мәселелері	Пәнде қылмыстық процестегі қорғаушының қатысуы мен процессуалдық мәртебесі аспектілерінің мәселелері, қылмыстық процестің сот сатыларындағы адвокаттың қызметі, қылмыстық процестегі адвокат қызметінің тактикалық негіздері оқытылады. Сондай-ақ қылмыстық процестегі қорғаушының құқықтарын қорғау аспектілерінің мәселелері, қылмыстық процестегі белгілі бір мән-жайлардағы адвокаттың өзінің процессуалдық құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері анықталады. Адвокаттық қызметтің заңнамалық және іс жүзінде қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады.	5	ON8
30	БеП/ТК	ҚР қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқарудың және мемлекеттік қызметтің мәселесі	Пән қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқару мен мемлекеттік қызметтің мәселелерін талдауға арналған. Мемлекеттік басқарудың эатикалық принципі негізделген, ол заңның бар болуын мемлекеттің бар-жоқтығынан ажыратпайды және мемлекеттің рұқсат еткеннен басқа заңдарды мойындамайды. Әрі қарай мемлекеттік қызметтегі меритократиялық принциптерді түсіндіреді.	5	ON5
31	БеП/ТК	Құқық қорғау қызметінің тиімділік мәселесі	Пән құқықтарды қорғауды белгіленген тәртіпте заңнамада белгіленгендей қатаң сәйкестікте заңдық ықпал ету шараларын қолдану жолымен жүзеге асыратын мемлекеттік қызмет түрі. Негізгі функциясы олардың негізгі қызметінің бағытынан көрінеді. Барлық құқықорғау органдарының өздеріне жүктелген әр түрлі міндеттері бар. Олардың бірі тек қана бір ғана функцияны атқарса, басқаларына бірнеше міндеттер жүктелген.	5	ON4
32	БеП/ТК	Қазақстан	Қазақстан Республикасындағы прокуратура органдарының	5	ON11

		Республикасында прокурорлық қадағалаудың мәселесі	заңдылықты анықтау, қамтамасыз ету, жою мен заң бұзулардың алдын алу бойынша қызметінің нысандары туралы пән. Прокуратура органдарының құзыретін, қадағалау актілерін зерттеледі. ҚР прокурорлық қадағалаудың негізгі нысандары қарастырылады. Прокурорлық қадағалау жүйесінің тиімділігін арттыру үшін қажетті шараларды, өзекті мәселелерді қарыстыру		
33	БеП/ТК	Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын іске асыру мен қорғау	Пән міндеттемелермен байланысты азаматтық-құқықтық нормалардың жиынтығы туралы. Міндеттеме ретінде бір тұлға (борышқор) екінші тұлғаға (несие беруші) белгілі бір пайда жасауға міндеттелетін құқықтық қатынастар түсініледі.	5	ON7
34	БеП/ТК	Салық құқығының өзекті мәселелері	Пән бойынша салық құқығының, салық салудың және де салық жүйесінің өзекті мәселелері, салықтардың жекелеген түрлері бойынша салық міндеттемесін орындаудың ерекшеліктері, арнайы салық режимдерін қолданудың теориялық және де тәжірибелік (қолданбалы) мәселелері салықсалудың тұжырымдамалары оқытылады.	5	ON10
35	БеП/ТК	Азаматтық процестік құқығының өзекті мәселелері	Пән азаматтық құқықтың пәні, әдістері, жүйесі мен қайнар көздері туралы, азаматтық құқық нормаларымен реттелетін қатынастар туралы, азаматтық құқықтың субъектілері туралы, азаматтық құқықтарды жүзеге асыру мен қорғау туралы, мәселелер туралы, заттық құқықтар туралы, міндеттемелер туралы, айрықша құқықтар туралы, мұрагерлік туралы, жеке және заңды тұлғалардың арасындағы азаматтық-құқықтық қатынастарды реттеудің процессуалдық аспектілері туралы теориялық және практикалық мәселелерді қамтиды.	5	ON10
36	БеП/ТК	Заң пәндерін оқыту әдістемесі	Пән бойынша қылмыстық құқық ғылымының пәндерінің негіздерін оқыту көзделеді. салаларының негізгі ұғымдарын, принциптерін, негізгі институттарын, өзара салыстырмалы тарихи ерекшеліктерін, шетелдік заңнамаларда реттелу ерекшеліктерін, сонымен қатар перспективаларыын оқытуды көздейді.	5	ON1
37	БеП/ТК	Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту	Пән бойынша қылмыстық құқық ғылымының пәндерінің негіздерін оқыту көзделеді. салаларының негізгі ұғымдарын, принциптерін,	5	ON2



		ерекшеліктері	негізгі институттарын, өзара салыстырмалы тарихи ерекшеліктерін, шетелдік заңнамаларда реттелу ерекшеліктерін, сонымен қатар перспективаларыын оқытуды көздейді.		
38	БеП/ТК	Азаматтық-құқықтық пәндерді оқыту ерекшеліктері	Азаматтық құқықтағы өзекті проблемаларды зерттеу үшін әдіс тәсілдер, оларды ғылыми тұрғыда негізделе отырып зерттеліп оқытылады.	5	ON3
39	БП/ЖК	Педагогикалық практика	Мақсаты жоғары оқу орындарында педагогикалық және оқу-әдістемелік жұмыстың негіздерін зерделеу, оқытудың тиісті бағытына сәйкес бейіндегі пәндер бойынша оқу сабақтарының жекелеген түрлерін өткізудің педагогикалық дағдыларын меңгеру болып табылады.	3	ON10
40	БеП/ЖК	Зерттеу практикасы	Мақсаты-тандалған бағыт бойынша ғылыми зерттеулерді білікті жүргізу, зерттеу жүргізу кезінде ғылыми әдістерді қолдану, алынған нәтижелерді талдау, жалпылау және пайдалану дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру.	12	ON10
41	ҒЗЖ	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындаумен қатар, магистрлік диссертацияны орындау және тағылымдамадан өту	Мақсаты магистранттардың білімнің ғылыми әдістерін меңгеруі, оқу материалын тереңдетіп зерделеу, магистранттардың ғылыми дайындығын кеңейту және өз бетінше ғылыми зерттеу әдістері мен әдістерін меңгеру болып табылады	24	ON10

#### 4. Білім беру бағдарламасының мазмұны



Модуль түрі	Модуль атауы мен шифры	Цикл/компонент	Құзырет қалыптастыратын пәндер атауы	ECTS кредиттер көлемі	Сағат саны	Семестр	Бақылау формасы	Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)
ЖМ	EG 01 Әлеуметті-гуманитарлық	БП/ЖК	Ғылым тарихы және философиясы	4	120	1	Е	ON1
		БП/ЖК	Шетел тілі (кәсіби)	5	150	1	Е	ON3
		БП/ЖК	Жоғарғы мектеп педагогикасы	4	120	1	Е	ON2
		БП/ЖК	Басқару психологиясы	4	120	1	Е	ON5
		БП/ЖК	Педагогикалық практика	3	90	3	есеп	ON10
<b>Модуль 1 бойынша барлығы</b>				<b>20</b>	<b>600</b>		<b>4</b>	
ММ	GBB-02 Ғылыми-білім беру	БП/ТК	Жалпы құқық теориясының қазіргі мәселелері	4	120	1	Е	ON10
			Ғылыми зертеулердің әдіснамасы					
			Диссертациялық жұмысты жазу нысанын моделдері					
		БеП/ТК	Қылмыстарды құқықбұзуларды саралаудың ғылыми негіздері	4	120	1	Е	ON8
			Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралау мәселесі					
			Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды саралау мәселесі					
		БП/ТК	Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнаманы қолданудың теориясы мен практикасы	4	120	2	Е	ON9
			Тұрғын үй аңнамасының өзекті мәселелері					ON11
			Келісім-шартқұқығының өзекті мәселелері					ON11
		БеП/ТК	ҚР қазіргі кезеңдегі мемлекеттік басқарудың және мемлекеттік қызметтің мәселесі	5	150	2	Е	ON10
Құқық қорғау қызметінің тиімділік мәселесі	ON4							



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі  
Білім беру бағдарламасы  
7M04202 - ҚұқықтануСМЖ БББ-2022  
01 Нұсқа  
Күні: 31.08.2022  
19 беттің 18 беті

			Қазақстан Республикасында прокурорлық қадағалаудың мәселесі					ON11		
<b>Модуль 2 бойынша барлығы</b>				<b>17</b>	<b>510</b>		<b>4</b>			
ММ	УК 03 Ұйымдастыру шылық-құқық	БП/ТК	Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі заңдық білім беру мәселелері	3	90	2	Е	ON2		
			Педагогикалық техника					ON8		
			Педагогикалық процесс					ON8		
		БеП/ТК	Әкімшілік және әкімшілік процестік заңнаманың теориясы мен практикасы	5	150	2	Е	ON5		
			Әкімшілік жауаптылық институтының құқықтық-процессуалдық ерекшеліктері					ON6		
			Әкімшілік құқық бұзушылық істері бойынша өндірістің теориялық және практикалық мәселелері					ON8		
<b>Модуль 3 бойынша барлығы</b>				<b>8</b>	<b>240</b>		<b>2</b>			
ММ	ОК 04 Өзекті- құқықтық	БП/ЖК	Құқықтықталдаудың әдіснамасы	3	90	1	Е	ON8		
		БП/ТК	Қылмыстық процестік заңнаманы қолданудың теориясы мен іс- тәжірибесі	4	120	2	Е	ON8		
			Шетелдердің қылмыстық құқығы					ON10		
			Халықаралық қылмыстық құқық					ON10		
		БеП/ТК	ҚР адвокатураның және адвокаттық қызмет мәселелері	6	180	3	Е	ON8		
			Қылмыстық сот өндірісіндегі қорғаудың теориялық және қолданбалы мәселелері					ON3		
			Қылмыстық іс-жүргізудегі қорғаудың өзекті мәселелері					ON8		
				БеП/ТК	Салыстырмалы қылмыстық құқық	5	150	3	Е	ON10
					Қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері					
			Криминологияның өзекті мәселелері							



«Bolashaq» академиясы

Сапа менеджмент жүйесі  
Білім беру бағдарламасы  
7M04202 - ҚұқықтануСМЖ БББ-2022  
01 Нұсқа  
Күні: 31.08.2022  
19 беттің 19 беті

		БеП/ТК	Заң пәндерін оқыту әдістемесі					ОН1
			Қылмыстық-құқықтық пәндерді оқыту ерекшеліктері	4	120	3	Е	ОН2
			Азаматтық-құқықтық пәндерді оқыту ерекшеліктері					ОН3
		БеП/ТК	Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтарын іске асыру мен қорғау	5	150	3	Е	ОН7
			Салық құқығының өзекті мәселелері					ОН10
			Азаматтық процестік құқығының өзекті мәселелері					ОН10
			<b>Модуль бойынша барлығы 4</b>	<b>27</b>	<b>810</b>		<b>6</b>	
ММ	КА 05 Кәсіби және аттестациялық	БеП/ЖК	Зерттеу практикасы	12	360	4	есеп	ОН10
		ҒЗЖ	Магистрлік диссертацияның орындалуын қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	24	720	1,2 3,4	есеп	ОН10
		ҚА	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	12	360	4		
			<b>Модуль бойынша барлығы 5</b>	<b>48</b>	<b>1440</b>			
			<b>Оқу жоспары бойынша барлығы:</b>	<b>120</b>	<b>3600</b>		<b>16</b>	
			ЖОО компонентінің кредит саны	35				
			Таңдау компонентінің кредит саны	49				
			ҒЗЖ	24				
			Қорытынды аттестация	12				
			Емтихан				16	